25.01.2018-ғы № 17-20/01-16-48 шығыс хаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Министерство образования
и науки Республики Казахстан

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Астана, Шымкент және Ақтөбе қалалары республикада алғаш рет жекеменшік мектептерде мемлекеттік тапсырысты орналастыруды жоспарлауда

2018 жылғы қыркүйектен бастап Шымкент қаласының жекеменшік мектептерінде жергілікті бюджет есебінен 3310 орынды қамтамасыз ететін мемлекеттік тапсырыс орналастырылмақ. Ал қыркүйектен бастап астаналық мектептерде орналастырылатын 3721 орындық мемлекеттік тапсырыс республикалық бюджет есебінен қаржыландырылады. Биылғы қаңтардан бастап Ақтөбедегі дарынды балаларға арналған «Сымбат» мектеп-интернатында 600 орындық мемлекеттік тапсырыс орналастыруға қаражат қарастырылды.

Осылайша, жекеменшік мектептер жүйесі мен мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті қолдау нәтижесінде аталған аймақтарда 2022 жылға дейін 56 300 оқушы орнын қамсыздандыратын 89 жаңа мектеп ашылмақ.

Астана, Шымкент және Ақтөбеде апробациядан өткізілетін мектеп басқарудың жаңа үлгісі ел ауқымында таратылады. Жан басына қаржыландыру басқа да өңірлерде, халықтың демографиялық өсу жағдайы жоғары облыс орталықтарында енгізіледі.

Министрлік жекеменшік балабақшалар құрылысындағы жетістікті орта білім саласына да таратуды көздейді.

ҚР БҒМ Баспасөз қызметі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
Баспасөз қызметі, Астана қ., Мәңгілік ел к-сі 8, 11-кіреберіс
Тел.: +7 (7172) 74 24 14